

**Дәрігерлік көрсеткіштер бойынша Қазақстан Республикасы шегінде емделуге жіберілетін науқастардың жол жүру құнын өтеу Қағидасы туралы**

***Күшін жойған***

Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 29 наурыздағы N 127/17-III шешімі. Астана қалалық Әділет департаментінде 2005 жылғы 29 сәуірде N 387 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2011 жылғы 11 наурыздағы N 441/59-IV шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2011.03.11 N 441/59-IV шешімімен.**

Астана қаласы әкімдігінің ұсынысын қарап, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының кодексі және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты былай

**Ш Е Ш Т І :**

**Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.05.28 N 226/35-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2010.04.21 № 350/46-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Ш е ш і м д е р і м е н .**

қоса беріліп отырған Медициналық көрсеткіштер бойынша Қазақстан Республикасынан тыс жерге емделуге жіберілетін науқас адамдардың жол жүру құнына ақы төлеу ережесі бекітілсін.

*А с т а н а                      қ а л а с ы                      м ә с л и х а т ы*

*сессиясының төрайымы*

*А с т а н а                      қ а л а с ы*

*мәслихатының хатшысы*

Келісілген:

*А с т а н а                      қ а л а с ы                      д е н с а у л ы қ                      с а қ т а у*

*департаментінің бастығы*

А с т а н а                      қ а л а с ы                      м ә с л и х а т ы н ы ң  
2 0 0 5                      ж ы л ғ ы                      2 9                      н а у р ы з д а ғ ы  
N                      1 2 7 / 1 7 - I I I                      ш е ш і м і м е н

бекітілген

**Ескерту. Барлық мәтін бойынша "Департамент", "Департаментпен" деген сөздер "Басқарма", "Басқармамен" деген сөздермен ауыстырылды - Астана**

қаласы мәслихатының 2009.08.26 N 243/37-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен

## **Дәрігерлік көрсеткіштер бойынша Қазақстан Республикасы шегінде емделуге жіберілетін науқастардың жол жүру құнын өтеу ҚАҒИДАСЫ**

Осы Қағида Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексіне, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" кодексі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 941 "Жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету туралы Ережені бекіту туралы" бұйрығына сәйкес әзірленді.

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.05.28 N 226/35-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2009.08.26 N 243/37-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2010.04.21 № 350/46-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімдерімен.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Дәрігерлік көрсеткіштер бойынша емделуге жіберілген науқастардың және олардың жолсерік адамының Қазақстан Республикасы шегінде жол жүру құнын өтеу (екі жаққа да), Астана қаласының Денсаулық сақтау Басқармамен (бұдан әрі - Басқарма) берілген, белгіленген үлгідегі жолдамасы бар болғанда жүргізіледі.

2. "Тұрғылықты жерінен тысқары емделетін азаматтарды тегін немесе жеңілдіктермен қамтамасыз ету" 016 бағдарламасының әкімгері Басқарма болып т а б ы л а д ы .

3. Дәрігерлік көрсеткіштер бойынша емделуге жіберілген науқастардың және олардың жолсерік адамының Қазақстан Республикасы шегінде жол жүру құнын өтеу (екі жаққа да) жылына бір рет жүргізіледі.

Онкологиялық, урологиялық және туберкулез ауруларымен ауыратын науқастардың және олардың жолсерік адамы (бір адамнан көп емес) жол жүру құнын өтеу (екі жаққа да) олардың өтініштері бойынша жүргізіледі.

4. Дәрігерлік көрсеткіштер бойынша емделуге жіберілген науқастардың және олардың жолсерік адамының Қазақстан Республикасы шегінде жол жүру құнын өтеу (екі жаққа да) қаржылық жылға сәйкес Астана қаласының бюджеті қаражаты есебінен жүргізіледі.

## 2. Емделетін науқастардың және олардың жолсерік адамының жол жүру құнын өтеу тәртібі

5. Басқарма Дәрігерлік көрсеткіштер бойынша емделуге жіберілген науқастардың және олардың жол серік адамының Қазақстан Республикасы шегінде жол жүру құнын өтеуді (екі жаққа да) мына құжаттар (көшірмелері мен түпнұсқалары) негізінде жүзеге асырады:

1) СТН мен Астана қаласы банкілері бөлімшелеріндегі есеп (карталары) шоты көрсетілген өтініш;

2) жеке куәлігі;

3) Басқармамен берілген, белгіленген үлгідегі емделу жолдамасы;

4) тұрғындарды тіркеу кітапшасы;

5) жол жүріп барғанын растайтын билеттер.

6. Дәрігерлік көрсеткіштер бойынша емделуге жіберілген науқастардың және олардың жолсерік адамының жол жүру құнын өтеу (екі жаққа да) темір жол көлігі, жедел поезының купе вагоны билетінің құны мөлшерінен аспайтын, әуе, темір жол және қала аралық автомобиль көлігінде жүруіне жүргізіледі.

7. Науқастардың және оның жолсерік адамының емделуге жол жүріп барғанын растайтын құжаттар емделу орнынан келген күннен екі ай мерзімінен кешіктірілмей тапсырылуы қажет.

8. Емделуші науқас пен оның жолсерік адамының емделуге жол жүру билеттері жоғалған жағдайда емделу орнына дейін және қайтар жолының жүріп барғанын растайтын анықтама тапсырылуы керек.

9. Басқарма емделуші науқастардың және олардың жолсерік адамының жол жүру құнын өтеу науқастар мен олардың жолсерік адамының Астана қаласының жекелеген банктері бөлімшелеріндегі есеп (карталары) шоттарына ақшалай қаражатты аудару арқылы жүзеге асырылады.